

Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ



«7M02335-Аударма ісі» білім беру бағдарламасы
бойынша магистр түлектерінің
МОДЕЛІ

Қызылорда қ, 2023

МАЗМҰНЫ

- Кіріспе
- 1 БББ сипаттамасы
- 2 Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері
 - 2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары
 - 2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері
 - 2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері
 - 2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктер мен салыстыру матрицасы
 - 2.5 Маманның жеке қасиеттері
- Қорытындылар

КІРІСПЕ

Бітіруші түлектін құзыреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын жүзеге асырудың құзыреттілік моделі белгілі дәрежедегі (лауазымды), белгілі бір бейіндегі маман қандай кәсіби міндеттерді шеше алуы керек деген сұраққа жауап беруге арналған. Стейкхолдерлер және барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап беретін ЖОО бітірушінің заманауи үлгісін қалыптастыру Қорқыт Ата атындағы ҚҰ-ның басты стратегиялық мақсаты болып табылады және оқу үдерісіне қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Университетте еңбек нарығында сұранысқа ие бакалавриат түлектерін сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін мақсатты кадрлық саясат және жүйелі түрде университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту жүргізіледі.

1.БББ сипаттамасы

7M02335-Аударма ісібілім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен жұмыс істеудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен тығыз байланысты, оның негізгі тұжырымдамасы қазақ тілінің көлемін кеңейтіп, оның бәсекеге қабілеттілігі мен беделін жоғарылату, Қазақстанда лингвистикалық әртүрлілікті сақтау және терең зерттеу, сондай ақ, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашақ Бағдар: Рухани Жаңғыру» атты ұсынысы бойынша жасалған бағдарламамен Әлемдегі үздік оқулықтарды аудару идеясы - жылына қазақ тіліндегі 100 жаңа оқу құралы. 7M02335 - Білім беру бағдарламасының түлектері Аударма аударма саласындағы мамандар осы қажеттіліктерге және өңірдің индустриялық-инновациялық даму талаптарына жауап бере алады.

2. Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері

Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, объектілері, кәсіптік қызмет түрлері мен бағыттары, маманның құзыреттілік моделі (1-қосымша) туралы ақпаратты, оның ішінде дескрипторлар, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрі және білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтиды.

2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары: халықаралық ұйымдарда, шетелдік және қазақстандық елшіліктер мен өкілдіктерде, республиканың басқа мемлекеттермен сыртқы саяси, сыртқы экономикалық, ғылыми-мәдени байланыстарын жүзеге асыратын ұйымдарда, министрліктерде, мемлекеттік ведомстволарда және әлеуметтік-функционалдық және кәсіби-салалық тілдік регистрлер бойынша маманданған қызметтерде, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында және ғылыми-зерттеу секторында кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті мамандарды даярлау болып табылады, экономиканың түрлі салаларында, халықаралық туризм жүйесінде, ақпараттық-талдау қызметтері мен агенттіктерінде кәсіби жазбаша (толық және/немесе реферативтік) және ауызша (дәйекті) аударманы жүзеге асыруға, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар тіл аралық және мәдениетаралық коммуникацияның әртүрлі түрлерінде делдалдық ұйымдастыруға қабілетті.

2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- білім алушының мәдениетін қалыптастыру және дамыту үдерісін басқару;
- аударма ісі саласында жүйелендірілген білімді қалыптастыру;
- лингвоаудармашылық үдерісті жобалау және ұйымдастыру;
- аударматану және филология салаларында зерттеулер жүргізу.
- қоғамның әлеуметтік тапсырысына және әлемдік білім стандартына сәйкес болашақ аудармашылардың сапалы кәсіби деңгейін қамтамасыз ету;
- жалпымәдениетті, кәсіби және арнайықұзыретті Аударма ісі бойыншы гуманитарлық білім бакалаврын қалыптастыру;
- тұлғаның құзыретін және бәсекеге қабілеттілігін тәрбиелеу.

2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері

ЖҚ1 Ғылым тарихы мен философиясы ғылым ұғымы мен құрылымын, методологиясын, қоғам дамуындағы ролі мен қайшылықтарын, ғылым мен техника ара-қатынасын, ғылым динамикасы мен оның заңдылықтарын, ғылым тарихының негізгі кезеңдерін қарастырады.

ЖҚ2

Жалпы, орта және жоғары кәсіптік жәнеқосымша білім беру жүйесінде білім беру процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қабілетті

ЖҚ3

Жоғарғы мектеп психологиясында әлеуметтік ортада қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктерін талдау дағдысы дамиды, тұлға дамуы туралы психологиялық білімдер негізін, адам психикасының даму заңдылықтары мен механизмдері туралы білім қалыптастырады.

ЖҚ4

Пәнді меңгеру нәтижесінде студент әртүрлі тілдердің фонетикалық жүйесін талдау және қарама-қарсы қою, олардың ерекшеліктерін талдау дағдылары мен біліктерін меңгереді

ЖҚ5

Әртүрлі жүйедегі тілдерді лингвомәдени тұрғыда зерттеу тәсілдері мен әдістемелік жүйесін меңгереді

КҚ1

Тілі оқытылатын елдердің қарым-қатынастағы моральдық-этикалық нормаларын әлеуметтік-мәдени аспектілері мен ұлттық бірегейлікті қамтамасыз етуді меңгереді

КҚ2

Тіл мен мәдениет арасындағы қарым-қатынасты , тілді мәдениетті сипаттайтын құрал ретінде зерттейтін лингвомәдениеттанудың теориялық ұстанымдарын меңгереді

КҚ 3

Өзінің зерттеу жұмысында концепция мен әдіснаманың теориялық қағидаларын қолдана отырып, оның когнитивтік-категориялық аппаратын еркін пайдаланады;

КҚ4

Аударма саласындағы магистранттардың әдіснамалық, теориялық және тәжірибелік дайындығын тереңдету, өз бетінше ғылыми – зерттеу және тәжірибелік жұмыстар жүргізулеріне алғышарттар жасау

КҚ5

Магистранттарда мәдениетаралық-коммуникативтік және кәсіби-аудармашылық біліктілерді қалыптастыру және жетілдіру, ана тілі мен шетел тілі мәдениеті саласында мәдениетаралық қарым-қатынас стратегияларын меңгеруі және оларды аударма үдерісі барысында қолдану құзіреттілігін қалыптастыру

КҚ6

Жалпы ғылыми педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша алған білімін шындап сондай-ақ теориялық білім негізінде педагогикалық біліктілігін ұйымдастыра алады. Мұғалім және жетекшінің көмегімен барлық педагогикалық функцияларды біліп, теориялық білімін қолдана алады

КҚ7

Пәнді меңгеру нәтижесінде магистрант өзге әлеуметтік мәдениеттердің әлем бейнесін терең ұғынумен, оның мағыналық бағдарларын танумен, ортақ мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көре білумен және оларды мәдениетаралық қарым-қатынас контекстінде қолдана отырып, тыңдалым және коммуникация дағдыларын меңгереді. Тілдік материал сөйлеудің идиоматикалығын арттыру және мәдениеттанушылық, елтану ой-өрісінің кеңеюі және қалыптасатын коммуникативтік біліктердің арқасында байытылады

КҚ8

Тіл білімі және аударма саласында магистранттың әдіснамалық, теориялық және практикалық дайындығын тереңдету, лингвоаударматануда мәдениетаралық, әлеуметтік-мәдени, мәтін құрастыру, іздестіру-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру, «мәтін» және «дискурс» ұғымдарына тұжырымдамалық талдау жасай білу, магистранттың алған теориялық және тәжірибелік білімдері негізінде ғылыми-зерттеу және кісіби дағдыларды қалыптастыру

КҚ9

«Ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздері» курсына магистранттарға ғылымның даму тарихы, ғылымдағы басты парадигмалық теориялар мен ғылыми болжамдардың қалыптасу заңдылықтары, ғылыми зерттеу ұғымы мен мәні, зерттеу жұмысының мақсат-міндеттері, құрылымы, әдіс-тәсілдері, ғылыми зерттеудегі әдістемелік мәселелер туралы мағлұматтар жүйесін қалыптастыру, ғылыми мәтінмен жұмыс жасау, әдебиеттер тізімі мен библиографиялық сілтемелерді рәсімдеу қағидаларын меңгерту көзделеді

КҚ10

Әр түрлі коммуникативтік-сөйлеу жағдайларындағы аударманың функционалды-прагматикалық аспектілерімен, шешілетін аудармашылық есептерден өзара байланысты мәтіндерді аудармалау, негізгі ұғымдармен, проблемалармен және базалық терминологиямен танысу; мәтіндегі ақпараттың барлық көлемін табысты декодтау үшін аудармашылық бейімделу түрлерін талдай білу

КҚ11

Аударматанудың теориялық негіздерінің, мәтін лингвистикасының, функционалды стилистиканың, лингвомәдениеттанудың негізгі ұғымдарын мәтінге аудармалық талдау негізінде меңгеру, мәтіннің құрылымдық-композициялық, семантикалық-мағыналық, функционалды-прагматикалық және лингвостилистикалық ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі жанрдағы мәтін аудармасын өңдеу, талдау, интерпретациялау және аударма сапасын бағалау дағдыларын жүзеге асыру

КҚ12

Жоғары оқу орындарында білім беру қызметін ұйымдастыру және талдау дағдыларын меңгереді

КҚ13

Тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгереді, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы магистранттың ой-өрісі кеңейеді

2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын күзiреттiлiктер мен салыстыру матрицасы

Құзыреттiлiк	ON1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6	ON 7	ON 8
ЖҚ1	+							
ЖҚ2	+							
ЖҚ3	+							
ЖҚ4			+					+
ЖҚ5				+				+
КҚ1			+		+			
КҚ2		+		+				
КҚ3								+
КҚ4		+		+				
КҚ5		+		+				
КҚ6					+			
КҚ7			+	+				+
КҚ8					+			
КҚ9	+	+			+			
КҚ10		+	+			+	+	
КҚ11				+		+	+	
КҚ12								+
КҚ13			+					+
КҚ14					+			

2.5 7M02335 «Аударма ісі» БББ бойынша маманның жеке қасиеттері: көпшіл, лингвистикалық қабілеттер, ұзақ мерзімді есте сақтай алу қабілеті, аналитикалық ойлаудың жоғары деңгейі, ұқыптылық, зерделілік, шыдамдылық, тілдік қабілеттер, эрудицияның жоғары деңгейі, жылдам реакция, сөздік қабілеттер (өз ойын дәйекті және өте анық жеткізе білу), жоғары тиімділік, әдептілік.

Қорытынды

7M02335 «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі дәрежесі беріледі.